

# Чернобыль қасіреті ұмытылған жоқ

Осыдан 37 жыл бұрын, яғни 1986 жылы 26 сәуірде, Украинаның Чернобыль қаласындағы атом электр стансасының төртінші блогы жарылды. Апаттың зардабын жою жолында жүз мыңдаған сарбаз жұмылдырылды. Апаттың нәтижесінде Украинаның елеулі аймағы мен Ресейдің Брянск және Калуга облыстарының аумағы радиоактивтік ластануға ұшырап, адамдар өміріне қауіп төнді. АЭС-тен радиусы 30 шақырым жерде тұратын халық басқа өңірге көшірілді. 1986 жылдың қараша айына дейін апатқа ұшыраған блок залалсыздандырылып, өзгелерден оқшауланды. Қатерлі апатты залалсыздандыруға Қазақстан азаматтары да тартылды.

Апатты залалсыздандыру жұмысына қатысқан 276 әскери бөлімнің бірі – Орта Азиядағы жалғыз қазақстандық 27-химиялық қорғау полкі еді. Кезінде Ресей ақпарат құралдарында жазылғандай, апатты залалсыздандыруға 1986-1992 жылдарда қатысқан адамдардың саны 600 мыңнан асқан екен. Олардың ішінде ресми тізімде 31 743 қазақстандық тіркелген.

КСРО Қорғаныс министрі Д.Язов қол қойған №045 құпия бұйрықта «...залалсыздандыру жұмыстарына жасы 30-ға жеткен ері үйленген, екі немесе одан да көп баласы бар азаматтар ғана тартылсын. Бұл жұмысқа тартылу мерзімі үш айдан аспасын» деп жазылған. Алайда, апатты залалсыздандыруға жасы жиыр-

маға толмаған, әскерге шақырылған жігіттер тартылған.

Апат туралы мәліметті Кеңес Одағы өте құпия ұстады. 26 сәуірдегі апатты тек екі күннен кейін ғана «Правда» газеті қалыпты жағдай ретінде ғана көрсетіп, екі-ақ адамның өлгенін жазған. Апат ошағы Киевтен 157 шақырым қашықтықта еді. Соған қарамастан мұнда 1 мамыр мерекесі де аталып өтіпті. Тек келесі күннен бастап апатты аймақтан халықты көшіруді бастаған.

Чернобыль атом стансасын 30 шақырым айнала 125 мың халық мекендеген көрінеді. Осы станса атымен аталатын Чернобыль қаласында 12,5 мың, Припять қаласында 49 мың адам тіршілік көшкен. Апаттан кейін бар болғаны 8 минутта

4 реактордан сыртқа шыққан 140 тонна радиоактивті отын ауаға тарап, АҚШ-тың Хиросима мен Нагасаки қалаларына тастаған атом бомбасына тең сәулелеге халық шалдыққан. Радиоактивті сәуле Белоруссияның Гомель, Могилев, Украинаның Киев, Житомир және Ресейдің Брянск қаласы мен облыстарына түгел тарап, тұрғындардың денсаулығына едәуір нұқсан келді. Жалпы, радиоактивті отын 160 мың шақырым аумақтағы 17 миллион тұрғынды шарпып, ол КСРО-ның 11 облысына тараған.

Еуропа елдері халықты қорғау шараларын бірінші бастады. Олар 30 сәуірден бастап өз халқын қатерлі апаттан сақтандыруға кіріскен. Мысалы, Австрия үкіметі балаларды бақылаусыз далаға шығаруға шектеу қойған. Швеция кеңестік елдерден келетін тамақ өнімдерін қабылдаудан бас тартып, ашық су көздерінен тіршілік нәрін тұтынуға тыйым салыпты. АҚШ студенттері елдеріне оралған...

Украина мен Белоруссияда халықты апаттан құтқару жұмыстары тек 15 мамырда ғана қолға алынған. Киевте осы мерзімде оқушыларға демалыс жарияланды...

Ядролық реактордың от жалыны 300 метрге дейін көтерілген. Жарылыс кезінде салмағы бір тоннаға жететін темір жабулар мен бетондар аспанға ұшып, атом отынына жалғанған 1 661 арна ашық қалған. Одан шыққан атом отыны ауамен араласып, желмен бірге айналаға тараған. Жарылыс кезінде жұмыста 4 500 адам болды. Аталған 4 блоктағы ертті сегіз күнде ерең өшірген. Апаттың алғашқы күні 80 адам қаза болып, зардабынан 2 мыңнан астам адам ауруханада көз жұмған.

Бүгінгі таңда әлемдегі электр энергиясының 17 пайызын атом стансалары өндіреді. Сонымен қоса, жекеленген мемлекеттерде атом энергетикасының үлесі энерго баланстың 50 пайызынан асады. Мәселен, Францияда мұның үлесі 77 пайызға жеткен. Сондай-ақ, қазіргі таңда дүние жүзінде 439 ядролық реактор жұмыс істеп тұрса, 136-сының құрылысы жобаланған. Атом стансасының ең үлкен паркі АҚШ-та. Алдағы уақытта әлемнің 50-ден астам мемлекеті атом стансаларын иеленетін болады деп болжанып отыр. Сондай-ақ, Қытай, Үндістан, Жапония елдерінде АЭС құрылысы бойынша

ауқымды бағдарламалар қабылданған. Дегенмен, жоғарыдағы апаттардың зардабынан адамзат баласы өлі де айығар емес.

М.Әуезов атындағы ОҚУ әскери кафедрасы ұзақ жылдар бойы радиациялық, химиялық, биологиялық қорғаныс әскерлері үшін өз мамандарын даярлап келеді. Алғашқы запастағы химик-офицерлер «Радиациялық, химиялық барлау және ядролық жарылысты белгілеу взводның командирі» әскери-есептік мамандық бойынша даярланған. Қазіргі уақытта радиациялық, химиялық және биологиялық қорғану әскерлерін даярлау бағытында 4 әскери-есептік мамандық бойынша студенттер қатарынан запастағы офицерлерді оқытып шығарады.

2021 жылдан бастап әскери кафедрамызда 6 химиялық әскери-есептік мамандық бойынша запастағы сержанттарды даярлау қолға алынды. Сол себепті әскери кафедра оқытушылары осындай апаттың біздің өмірімізге, табиғатымызға өте қауіпті екенін маман ретінде біледі. Сондықтан студенттерге сапалы білім беруге бар күш-қайратын жұмсап жүр.

**Қыдырәлі РАЙЫМБЕРДИЕВ,**  
**М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың КЕАҚ**  
**әскери кафедрасының оқытушысы,**  
**Ауған соғысының ардагері,**  
**запастағы подполковник.**